

«8D02202- Философия» білім беру бағдарламасы бойынша философия
докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін
Сергей Алексеевич Лифановтың
«Адамдық жүйелер: әлем-виртуалды талдау» диссертациясына
АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы.

Докторлық диссертация виртуалдылықты адамның болмысын сипаттауда жүйе құраушы элемент ретінде зерттеуге арналған. Қазіргі уақытта технологиялық виртуалды шынайылық - адам үшін оның тіршілік қызметінің барлық дерлік салаларын қамтитын ерекше өмір ортасы, нәтижесінде ол технологиялық интерфейс болып қана қоймайды, адамның қабылдауы, қарым-қатынастары, бірегейлік және әлеуметтік тәжірибесі негіздерін өзгертеді. Жұмыстың негізгі мәнінде виртуалдылық эмпирикалық немесе техникалық болмысқа жатпайтын, бірақ субъект үшін онтологиялық мүмкіндік пен шынайылық мәртебесі бар, әлеуетті әлемдер мен мәндерді туындату қабілетімен айқындалатын сана мен адами жүйелердің құрылымдық қасиеті ретінде қарастырылады. Жұмыста сана нейробиологиясы мен философиясы тұрғысынан виртуалдылық шынайылыққа қатысты қосалқы құбылыс болудан қалғанымен қатар, ол бастапқыдан адами: танымдық, әлеуметтік, мәдени, денелік жүйелер құрылатын және қызмет ететін өріс екендігі негізделеді.

Диссертациялық зерттеудің өзектілігі. Заманауи өркениет цифрлық технологиялар, жасанды зият, виртуалды және толықтырылған шынайылық ағымында қарқынды даму үстінде және адами тіршілік ету түбегейлі өзгерістерді басынан кешіруде. Виртуалдылық дінді, білімді, саясат пен мәдениетті қозғай отырып, адамның өмірінің терең құрылымдарына - қабылдауға, есте сақтауға, бірегейлікке, қарым-қатынастары мен рухани тәжірибесіне енуде. Қазірдің өзінде виртуалды шынайылық өзін объективті шынайылықты түрлендіру құралы ретінде танытуда. Алайда, жағымсыз фактор ретінде оның адамның рухани және психикалық әлеміне, адами мәдениеттің бүкіл кешеніне әсері болуы мүмкін. Диссертацияда виртуалдылықты тек қана техника өнімі ретінде ғана емес, адами жүйелердің және сананың негіздік қасиеті ретінде қарастыру қажеттілігі баса айтылады. Ол сананың қабылдауға, бірегейлікке, әлеуметтік қарым-қатынастар мен рухани тәжірибеге әсер ететін қиялдық, символикалық және танымдық әлемдерді құрастыру қабілетінде көрініс береді. Бұл шынайылықтың технологиялық қана емес, онтологиялық, эпистемологиялық, құбылыстық және лингвистикалық негіздерінің мәнін түсіну қажеттігін туындатады. Әлеуметтік институттар және руханилық түрлері кибершынайылыққа бейімделе бастаған кезде виртуалды табиғат туралы ғылыми білімнің үзіктілігі сақталуда, бұл цифрлық технологиялар құрастырған әлемдегі адами жүйелердің кешенді философиялық талдауын өзекті етеді.

Зерттеу объектісі: виртуалдылық құбылысының қалыптасуы және көрініс беруі жағдайында тәжірибені, денелілікті, сананы, қарым-қатынастар

мен әлеуметтік құрылымды ұйымдастырудың тұтас нысаны ретінде түсінілетін адами жүйелер.

Зерттеудің мәні: адами жүйелердің виртуалды әлемдегі өзгерісінің субъектілікті, қабылдау мен бейнелеу модустарын, танымдық құрылымдарды, ақыл-ой үлгілері мен мәдени-символдық кодтарды өзгертуінде көрініс беретін онтологиялық негіздемелер, эпистемологиялық алғышарттар және құбылыстық динамика.

Жұмыстың мақсаты: адами жүйелердің виртуалды әлем жағдайындағы өзгерісіне философиялық талдау жасау, виртуалдықтың адами болмыстың жаңа түрлерін қалыптастыру ортасы ретіндегі онтологиялық, құбылыстық, семиотикалық және танымдық негіздерін анықтау.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты келесі міндеттерді шешу арқылы ашылады:

- ✓ «виртуалдылық» түсінігінің мәнін, тұжырымдалу ерекшелігін және тарихи-философиялық эволюциясын өзекті философиялық дәстүрлерге байланысты анықтау;

- ✓ олардың тұжырымдалық және әдістемелік негіздемелерін анықтай отырып, виртуалдылық құбылысына заманауи философиялық тәсілдерді жүйелеу;

- ✓ виртуалды шынайылықтың онтологиялық мәртебесін анықтау, қабылдау және тәжірибе тұрғысынан оның құбылыстық және эпистемологиялық өлшемдерін талдау;

- ✓ адами жүйелерді саналы құрастырудағы рөлін анықтай отырып, тілдің, сананың және виртуалдылықтың өзара қатынасын зерттеу;

- ✓ бірегейлік, танымдық құрылымдар және мәдени кодтарды қалыптастырудағы рөлін аша отырып, виртуалдылықты сананың қасиеті ретінде негіздеу;

- ✓ жүйелерді, бейберекеттікті және виртуалдылықты түсінуде бөліп-жарып қарастырудан сызықты емес ойлауға көшуді негіздеу;

- ✓ субъектінің цифрлық ортадағы діни тәжірибесін, медиадискурсы мен өзгерісін қоса виртуалдылықтың әлеуметтік-мәдени көріністерін зерттеу.

Зерттеудің әдістемелік және теоретикалық негіздемесі.

Виртуалды шынайылықты зерттеу пәнаралық тұрғыдан философиялық, лингвистикалық және семиотикалық тәсілдерді пайдаланумен өткізіледі. Бұл зерттеудің әдістемелік негіздемесі мәтіннің герменевтикалық талдауына, виртуалдылықтың философиялық қайта құрылуына, онтологиялық үлгілерді салыстырмалы талдауға және танымдық-лингвистикалық әдістерге негізделген. Диссертацияның негіздік тұжырымдамалық негіздемесі – «адам» мен «құрылымның», «тұлғалық қасиет болмауы» мен «басты әрекет етушінің», сондай-ақ «инерциялық құрылым» мен «әрекет етудің» - «өзара қатынасы» немесе оларды «салыстыру» мәселесіне жүгінетін I. Wallerstein-нің әлемдік-жүйелік талдау тұжырымдамасы. I. Wallerstein адамның «құрылымдардан» «басым тұруы» себептері туралы мәселені көтереді, жүйенің саналы таңдаған бағытта «жүйелік бифуркация» нүктесінде «кері бұрылу» мүмкіндігі шарттарына назар аударады. Зерттеуде G. Fauconnier

ақыл-ой кеңістігі тұжырымдамасының әдістемелік негіздемесіне және виртуалдылықты талдауды цифрлық ортадағы құбылыстық тәжірибе және сананың өздігінше құрастыру тәсілі ретінде әдістемелі толықтыратын Th. Metzinger өздігінше үлгіленетін субъект туралы тұжырымдамасына (self-model theory of subjectivity) басым көңіл бөледі. Виртуалды дискурстың құрылымдық ерекшеліктерін және оның шынайылықты түсіндіруге әсерін анықтауға мүмкіндік беретін семиотикалық талдаудың қолданылуын ескеру маңызды.

Зерттеудің негізгі болжамы.

Виртуалдылық шынайылыққа қатысты қосалқы емес, өздігінше онтологиялық нысан, онда адами жүйелер - сана, дене, тіл, әлеуметтілік – түбегейлі өзгеріске ұшырайды. Бұл өзгерістер онтология, құбылыстану, семиотика және танымдық теория қиылысуында философиялық талдауға жатады.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми жаңалық және ережелер.

(1) Виртуалдылық санатының тарихи-философиялық сабақтастығы анықталған, бұл оны адами болмыс тұрғысында виртуалды шынайылықты кешенді талдау үшін әдістемелік негіздеме ретінде негіздеуге мүмкіндік берді. Жұмыста мұндай талдаудың «виртуалды» санатының зияттық жолын қайта құрып қана қоймайтыны, оның заманауи күрделі технологиялық және мәдени құбылыстарды, алдымен, компьютерлік шынайылық құбылысын, сипаттауға қабілетті тұтас түсінік аппаратын құру үшін қажетті әдістемелік шарт екендігі негізделеді. Бұл тарихи тереңдік виртуалдылықтан тек туынды немесе қосымша түсінікті ғана емес, цифрлық және иммерсиялық технологияларды бөліп-жармастан түсінуде таптырмас негіздік онтологиялық құрылымды көруге мүмкіндік береді.

(2) Жұмыста цифрлық шынайылық болуы және оны түсінуі жағдайында «онто-эпистемологиялық бұрылыс» ретінде анықталған терең санаттық жылжудың болуы негізделеді. Жұмыста тәжірибе мен күнделікті өмірде цифрлық медиа-үдерістенуі, ұқсас жасалуы, алгоритмдік түрленуі орын алған кезде біз онто-эпистемологиялық бұрылыстың куәсі боламыз, онда «болмыс» пен «білім» арасындағы айырмашылықтың өзі өзгеріске ұшырайды. Бағдарланатын, үлгіленетін және жаңғыртылатын дүние оны ұқсатуға емес, модусына айналатын цифрлық ортадағы бар дүниені сипаттау үшін әртүрлі санаттар – шынайылық, субъект, әділдік, тәжірибе, материя, қалып – жеткіліксіз болады. Бұл тіршілік өлшемшарттарын түбегейлі жаңартуды, жұпты онтологиядан бас тартуды және цифрлық виртуалдылық дәуіріне шамалас болмыстың оқиғалық-желілік, кибернетикалық-қарқынды үлгісіне көшуді талап етеді.

(3) Виртуалдылық адами жүйелердің қалыптасуы, тіршілік етуі мен дамуы үшін онтологиялық шарт ретінде негізделген. Сызықтық еместік тұжырымдамасына, бейберекеттік теориясына, ұқсас қайталанушылыққа және жүйелі ойлауға сүйенетін заманауи философиялық және ғылыми зерттеулер виртуалдылықтың технологиялық құбылыс немесе қиял тәсілі ғана емес, адами жүйелердің тіршілік етуі мен оларды ұйымдастырудың терең

онтологиялық шарты екендігін пайымдауға мүмкіндік береді. Виртуалдылық бұл тұрғыдан шынайылыққа қарама-қарсы емес, өзектенуі міндетті емес, бірақ мінез-құлықтың, ойлаудың, қабылдау мен әлеуметтік-мәдени қарқынның қисынын белсенді құрылымдайтын ықтимал жағдайлардың жиынтығын құрайтын, шынайы-алды немесе шынайылықпен қатар мүмкіндік құрылымы ретінде болатыны дәлелденген.

(4) Сызықты себептіліктен бейберекеттік философиясына және виртуалдылыққа дейін жүйелік ойлаудың негіздемелері қайта қарастырылған және виртуалды әлемді топшылаудың тәсілі ретінде сызықты емес ойлауға әдістемелік бұрылыс негізделген. Заманауи философиялық ойлау сызықты себептілікті, түсіндірудің біражақтылығын және үзік онтологияны растайтын бөліп-жарып қарастыру мен механикалық парадигмадан сызықты емес байланыстарға, жағдайлардың жиынтығына және шынайылықтың қарқынды табиғатына бағдарланған бұрылыс үстінде. Жұмыста бұл бұрылыс күрделі адами жүйелерді, бейберекеттік құбылыс пен виртуалдылық табиғатын түсінуде аса мәнді екендігі анықталған.

(5) Болмыстың жалпыға ортақ қасиеттері ретінде сызықты еместікті және ұқсас қайталанушылықты ескерумен шынайылықты зерттеуге интегралдық тәсілдің негіздемесі ретінде «виртуалды талдау-әлемі» әдістемесін әзірлеу және негіздеу іске асырылған. Цифрлық орталардың екпінді кеңеюі және виртуалды нысандардың болуы жағдайында адамның тіршілік етуі орын алған онтологиялық деңгейлер жиынтығын қамтуға қабілетті әдістемелік тәсіл қажет болуда. «Виртуалды талдау-әлемі» әдістемесі бірыңғай болмыстың өзара енетін және қарқынды байланысқан сапалы сипаттамалары түріндегі физикалық және виртуалды шынайылықты біріктіретін интегралдық философиялық шектеме ретінде тұжырымдалады.

(6) Ақыл-ой үлгілеуі онтологиясы тұрғысында виртуалдылық пен нейрофилософияны түсінудің аса маңызды жақтары жалпыланған. Диссертацияда заманауи нейрофилософия және танымдық ғылым сана үлгісін болжам жасаушы, ұқсатушы және қайта құрушы тетік ретінде көбірек тани бастауы, ондағы ақыл-ой актілері шынайы өмірдің жәй бейнесін ғана бермейтіні және әлеммен өзара ықтимал әрекетті белсенді үлгілейтіні анықталған және негізделген. Бұл сана философиясына жол ашады, онда виртуалдылық – тәжірибенің қосалқысы емес, оның алғашқы шарты.

(7) Виртуалдылықтың әлеуметтік-мәдени көріністерін философиялық талдау әдістемесі негізделген, бұл цифрлық ортада субъектінің діни тәжірибесін, медиа-дискурсын және өзгерісін қарастыруға мүмкіндік береді. Жұмыс барысында цифрлық мәдениет жағдайында киелі-қасиетті виртуалдылық пен діни толғаныстардың ерекшелігі анықталған, субъектінің медиа-дискурстық тәжірибедегі саналы құралу тетіктері анықталған, сондай-ақ пайдаланушыдан цифрлық субъектіге өту бағдарлары белгіленген. Алынған нәтижелер автордың рецензияланатын Scopus деректер базасына кіретін жарияланымдарында бейнеленген: *«Цифрлық дәуірдегі сөз және өзін таныту бостандығы: әлеуметтік қауіпсіздікті философиялық талдау және үндеулері»* (RUDN Journal of Philosophy, 2025, SJR - 0.388); *«Socially significant*

information and issues of the Kazakhstanis' trust in the media» (RUDN Journal of Sociology, 2022, Scopus SJR - 0.280).

Зерттеудің теоретикалық және тәжірибелік маңыздылығы алынған нәтижелерді жалпы виртуалдық шынайылық философиясы және нақты әлеуметтік зерттеулер ретінде, оның ішінде, пәнаралық тәсіл тұрғысынан, әдістемелік құралды және теоретикалық негізді дамыту үшін пайдалану мүмкіндігімен анықталады. Ғылыми нәтижелер заманауи әлеуметтік философияның өзекті мәселелері, әлеуметтік-гуманитарлық танымның, эпистемологияның, сана философиясының, тіл философиясының әдістемесі бойынша негіздік және арнайы оқу курстарын әзірлеуде қолданыс табуы мүмкін.

Автордың ғылыми жұмысқа қосқан үлесі. Диссертация авторы өздігінше зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеген, оның мақсаттарын, міндеттері мен әдістемелік негіздерін анықтаған, виртуалдылық құбылысының кешенді философиялық талдауын жасаған. Диссертацияның қорытынды мәтіні ғылыми жаңалық, теоретикалық маңыздылық, сенімділік және академиялық адал ниеттілік ұстанымдарын сақтаумен толық көлемде дайындалған.

Ғылымды дамытудың басымдылықты бағыттарымен және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы. Диссертациялық жұмыс ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын «Қазақстандық қоғам цифрлық жағдайдағы трансформациялар: перспективалар мен тәуекелдер» ғылыми бағдарламасын (№ BR21882302 грант, 2023-2025 жылдар) іске асыру шеңберінде орындалған.

Диссертациялық зерттеудің заманауи сипаты және ғылымның басымдылықты бағыттарына және тәжірибенің сұранысына сәйкестігі оның келесі мемлекеттік құжаттармен байланысынан анықталады: «Қазақстан Республикасының цифрлық трансформация тұжырымдамасы» (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.03.2023 ж. № 269 қаулысы); ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың басымдылықты бағыттары, онда цифрландыруға, инновациялық технологияларға, адам мен қоғамды цифрлық мәдениет жағдайында зерттеуге ерекше назар аударылады.

Диссертацияның құрылымы және көлемі. Жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, қолданылған әдебиет тізімінен тұрады. Диссертацияның көлемі машинамен басылған 221 парақтан тұрады. Пайдаланылған әдебиет тізіміне 350 атау кіреді, олардың көпшілігі ағылшын тіліндегі шетелдік әдебиет көздері. Жұмыстың құрылымы мен мазмұны зерттеу міндеттерін шешу кезеңдерімен үйлестірілген, ал көлемі негізгі ережелер мен қорытындыларды негіздеу үшін материалдың жеткіліктілігін қамтамасыз етеді.